

"Аяла" санаторлық бөбекжайы"КММ-сі



Бекітемін:
"Аяла" санаторлық
бөбекжайы "КММ-сі"
директоры: *А.О.Өмірзақ*

"Қарлығаш" ересек тобы

**"Төрлет құтты
жаңа-жыл! "**

Тәрбиеші: А.Каратаева

2024 жыл

«Қарлығаш» ересек жас топ.

Ертенгілігі : «Төрлет құтты жаңа жыл!»

Балалар көңілді әуенмен залға кіріп, шеңбер бойымен қимылдар жасап билейді. Шеңбер бойымен тұрады.

Жүргізуші: Бірге соғып бар әлемнің сағаттары.

Он екіні күтер, қалмай тағаттары,
Ғасырдың жиырма бесінші жылы келеді,
Жаңа жылға арнаған сәбилердің тілектері.

Мардан: «Жаңа жыл құтты болсын!»

Осман: «Денсаулығымыз мықты болсын!»

Ясмина: «Келер жылда молшылық болсын!»

Н.Айша: «Балабақшамыз балаға толсын!»


Омина: «Әр үйде қуаныш көп болсын!»

Адия: «Балалар бақытты болсын!»

Айкөркем: Келді жаңа жылымыз
Құтты болсын баршаға.
Шыршамыз тұр ортада
Тойлайықшы шаттана.

Е. Медине: Тамаша, тамаша,
Шыршамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы,
Көз тоймайды қараса.

Осман: Өлең де әзір, ән әзір,
Ойын да әзір, бәрі әзәр.
Кел жаңа жыл біздерге,
Кел жаңа жыл, жаңа жыл.



Омина: Оралды өлкеме,
Жаңа жыл армысың,
Оранды ақ көрпе,
Асқар тау, қарлы шың.

Н.Айша: Әдемілеп біз ілген,
Ойыншықтары тізілген.
Қандай әсем шыршамыз,
Әншырқайық баршаммыз.

«Шырша» әні.

Жүргізуші : Балалар сендерге жұмбақ жасырайын, шешуін тауып көріңдер.

Ақ сақалды, әсем шапанды,
Өзі суықты жақсы көреді.
Жылына бір рет мерекеге келеді,
Тақпақ айтып, би билеген балаларға
Силықтарын береді,
Ол кім, балалар?
(Аяз ата)

Ендеше келесі жұмбақты шешіп көріңдер.

Айналаны көмкеріп,
Аппақ болып қонады.
Қолыңды тоссаң алақаныңа толады.
Ол не екен?
(Қар)

Ия, дұрыс айтасыңдар ол ақшақар.

Балалар біздің Аяз атамыз әлі келмеді, атамыз адасыпқалған секілді, кіне
бәріміз дауыстап Аяз атамыз бен Ақшақарды шақырайық

Аяз ата, Ақшақар! Аяз ата,Ақшақар!.....

Ән. (Аяз ата-Ақшақар)

Би: «Ақшақарлар»

Адия: Жылдың әнін бастайын,
Аяз ата кеп қалды.
Майысады көп қайың,
Көтере алмай көп қарды.

Алинур: Ақ көрпесін жаптыда,
Аяз кенет аптыға.
Айналаны үрледі,
Ақ бораны гуледі.

Б.Медине: Безендіріп шыршаны,
Жыл қуантты баршаы.
Той-маскарат басталды,
Аяз оны басқарды.

Бегасыл: Жаңа жыл келгенде,
Қуанып қарсы аламыз.
Аяз ата келгенде,
Билейміз ән саламыз.

Фатима: Тілеймін мен бар әлемге,
Дос көп болсын жаңа жыл.
Ата-әже, әке-шеше,
Құтты болсын жаңа жыл.

Ақшақар: Жарайсыңдар балалар, тамаша ән айтып, керемет тақпақтар жаттапсыңдар, менің көңілім көтеріліп, сендермен ойын ойнағым келді. Менімен ойын ойнайсыңдарма?

Балалар: Ия, ойнаймыз!

Ойын: «Кім жылдам?»

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар! Ендігі кезекті тақпақтар мен берейік.

Мұхаммедали: Аспан жерге төгеді,
Ақкүмісін уыстап.
Жаңа жылда келеді,
Бізге қарай жылыстап.

Мардан: Аяз ата келіп тұр,
Тақпақ айтқан балаға
Сыйлықтарын береді,
Рахметті айтамыз.
Үйге қуанып қайтамыз.

Аяз ата: Рахымет сендерге балалар, сендердің әндерің де билеріңде,
тақпақтарыңда керемет, сендерге жаңажылға әкелген сыйлықтарымды
таратып берейін. Кел қызым маған көмектес.

Жүргізуші: Құрыметті қонақтар, балалар сіздерге уақыттарыңызды бөліп,
біздің қуанышымызды бөліскендеріңізге рахмет. Бүгінгі мерекелік кешіміз
осы мен аяқталды.



